



Автор: Акшалова Баян Сартаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Менің отбасым. Ұ ұ дыбысы мен әріпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	1. Барлық оқушылар: Ұ дыбысына байланысты сөздерді оқиды. 2. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет бойынша сөйлемдер құрайды, мәтінді оқи алады. 3. Кейбір оқушылар: Отбасы мүшелерін сипаттайды, мәтінді талдайды.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтады. Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айтады. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады.
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	адамгершілік қасиеттерге баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	Менің отбасым. Ққ дыбысы мен әрпі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық ахуал. Қайырлы күн достым! Қайылы күн болсын! Бейсенбінің күні Сәттілікке толсын! Біздің алар бағамыз Кілең «бестік » болсын! Өткен сабақты қайталай отырып,Қ әрпіне сөз ойлау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Ұя,ұлу,ұшақтың Басын бастап беремін.</p> <p>Бұғы,жұмыртқа ,бұтақтың Ортасында келемін.(Ұ дыбысы)</p> <p>-Ұ дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! * Ұ-ұ-ұ * Ұ дыбысы қалай айтылады? *</p> <p>Иә, әндетіліп, созылып айтылады, екен.</p> <p>* Ұ дыбысы қандай дыбыс?</p> <p>* Иә, дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?</p> <p>* Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі, дұрыс айтып үйренеміз</p> <p>Дыбыстың артикуляциясын анықтау.</p> <p>* Енді, Ұ дыбысын созып, әндетіп айтайық.</p> <p>* Аузымызбен айтамыз, көзімізбен көреміз, құлағымызбен естиміз, басымызбен ойлаймыз.</p> <p>* Балалар,ұ дыбысын айту кезінде ерніміздің қалпы қандай болады екен?</p> <p>* Ерніміз құбырға ұқсап, алға қарай сүйірленіп шығады екен</p> <p>* Ал, енді тісіміздің қалпына қарайық.</p> <p>* Тісіміздің қалпы қандай екен?</p> <p>* Иә, үстіңгі және астыңғы тістеріміздің арасы ашық екен.</p> <p>* Тіліміздің қалпы қандай екен?</p> <p>* Иә, тіліміз ұйықтап жатқан мысыққа ұқсайды.</p> <p>* Ауа еркін шығады.</p> <p>1. Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>1 – топ. Суреттегі заттарды атау. Әр суретке сандар қойып, сол сандарды жазсын (алдарына берілген параққа)</p> <p>2 – топ. Осы суреттегі заттардың үстіне сандар қойып, атауындағы жаңа дыбыстың нешінші буынында тұрғанын жазсын</p> <p>3 – топ. Әр заттың өмірде қажеттілігіне байланысты келетін суретпен сәйкестендіру</p>	
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Видеоролик:</p> <p>«Көңілді күн»</p> <p>2- тапсырма. Жеке жұмыс (мұғалім жеке-жеке аралап жүріп оқыту)</p>	
Рефлексия (3 минут)	"Алтын шар" әдісі	